



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№3 (2006) 19 ҚАҢТАР 2026 ЖЫЛ

Ректор «Сириус» мектебі мен білім беру орталығының іргетасын қалау рәсіміне қатысты



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев І таланттар саммиті барысында өткен «Сириус» мектебі мен білім беру орталығының іргетасын қалау рәсіміне қатысты.

балды, «Сириус» федералдық аумағы кеңесінің төрағасы және «Талант и успех» қорының жетекшісі Елена Шмелева, ғылыми және педагогикалық қауымдастық өкілдері жиналды.

«Сириус» мектебінде математика, физика, химия және биология пәндері бойынша кіріктірілген бағдарламалар, сондай-ақ жасанды интеллект, ғарыш, инженерия және өмір туралы ғылымдар бағытындағы пәнаралық курстар мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығы ашылды. Аталған орталық ҚазҰУ мен «Aerial Solutions» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық аясында іске қосылды.



Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығы ашылды

Жаңа ғылыми-инновациялық орталықта отандық ұшқышсыз ұшу аппараттарының (ҰҰА) модельдерін өзірлеу, оқу-өндірістік зертханалар мен сынақ полиго-

нын құру, сондай-ақ дуалды білім беру және сертификаттау бағдарламаларын жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, студенттер мен оқытушылардың

қатысуымен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізіліп, ұшқышсыз ұшу аппараттары дайындалады.

Сонымен қатар орталық аясында дрондар мен сервистерді ішкі және халықаралық нарыққа шығару, инновациялық стартаптарды қолдау және коммерцияландыру көзделген. Жобаның іске асырылуы елдің цифрлық инфрақұрылымын нығайтып, Қазақстанның азаматтық ұшқышсыз авиация саласындағы мемлекеттік стратегиясын жүзеге асыруға елеулі серпін береді.

Жалғасы 2-бетте



Декандар алдына нақты міндеттер қойылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқу ордасының құрылғанына 92 жыл толуына орай, факультет декандарымен жұмыс кездесуін өткізді.

Жоғары оқу орнының ағымдағы қызметі мен алдағы даму бағыттары жан-жақты талқыланды.

Жансейіт Қансейітұлы ҚазҰУ ұжымын көшбасшы

ЖОО-ның құрылғанына 92 жыл толуымен құттықтады. Жүздеу барысында оқу ордасының басшысы жоғары білім беру сапасын арттыру, оқу үдерісін жетілдіру, ғылыми-зерттеу жұ-

мыстарын дамыту және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту мәселелеріне ерекше тоқталды. Сондай-ақ факультеттердің стратегиялық жоспарлары, білім беру бағдарламаларын жаңғырту, кадрлық әлеуетті нығайту және студенттермен жұмыс жүргізу қажет екенін жеткізді.

Жансейіт Түймебаев университет ұжымының алдына



қойылған негізгі міндеттерге тоқталып, әр факультеттің білім мен ғылымды ұштастыру-

дағы рөлінің маңыздылығын атап өтті.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

2-бет

Ғылыми
орталықтардың
қызметімен
танысты



3-бет

Бюджет
қаражатын
тиімді
пайдалануды
тапсырды



4-бет

Күрделі
есептерді
шығаратын
қуатты
компьютер



Ұшқышсыз авиацияны дамыту ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Соңы. Басы 1-бетте

Ашылу салтанатына ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, «Aerial Solutions» ЖШС Авиаациялық оқу орталығының бас директоры Перизат Құдайбергенова, ҚР Қорғаныс министрлігінің Ұшқышсыз ұшу жүйелерін дамыту және қолдану департаментінің басшысы Иса Теймуразұлы, Қорғаныс министрлігі Әуе қорғанысы күштері Әскери-әуе күштері қолбасшылығының бас орталығының басшысы Сәкен Рүстемов, Ұлттық қауіпсіздік академиясының кафедра меңгерушісі Артур Имашев, Қазақстан авиация әкімшілігінің Лицензиялау департаментінің директоры Әділжан Сұлтанов, белгілі ғалымдар, оқытушы-профессорлық құрам қатысты.

Жиынды ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев ашып, орталықтың іске қосылуы Қазақстанның технологиялық дамуы үшін ерекше маңызы бар тарихи оқиға екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысында: «Біздің ұлт ретінде бәсекеге қабілеттілігіміз бен егемендігіміз осы технологияны қалай

пайдаланатынымызға тікелей байланысты. Әр маман цифрлық дағдыларды жетік меңгеріп, жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін жұмыс барысында тиімді қолдана білуі қажет», – деп атап өткен болатын. Орталық ауқымды ғылыми жобаларды іске асыруға, заманауи дрондарды жасап, құрастыруға, білікті мамандарды даярлауға және студенттердің тағылымдамадан өтуіне кең мүмкіндік береді. Мұнда жасалған дрондар экономиканың түрлі саласында тиімді қолданылатын болады», – деді ректор.

Өз кезегінде «Aerial Solutions» ЖШС Авиаациялық оқу орталығының бас директоры Перизат Құдайбергенова: «ҚазҰУ базасында ашылған Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығы ғылымды, білім беруді және заманауи ұшқышсыз технологияларды біріктіріп, халықаралық стандарттарға сәйкес мамандар даярлауға мүмкіндік береді», – деп, жаңа орталықтың маңыздылығына тоқталды.

Шара соңында қатысушыларға орталықтағы заманауи құрылғылар мен аппараттар көрсетіліп, негізгі атқаратын жұмысы туралы ақпарат берілді.

Ұшқышсыз авиацияны дамыту инновациялық орталығының ашылуына арнайы келген қонақтар Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі ғылыми орталықтарды аралап, оқу ордасының инфрақұрылымымен танысты.

ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев делегация мүшелеріне Farabi Hub инновациялық орталығындағы зертханалар мен ғылыми орталықтардың қызметі туралы жан-жақты ақпарат берді. Хабтың негізгі мақсаты – өзге университеттермен, ғылыми-зерттеу институттарымен және жекеменшік компаниялармен әріптестік орнатып, ғылыми әзірлемелер мен технологиялық идеяларды экономиканың нақты секторына енгізу үдерісін жеделдету. Мұнда заманауи құрылғылармен жабдықталған ғылыми зертханалар ғылым мен технологияның түрлі салаларында зерттеу жүргізіп, тәжірибе жасауға мүмкіндік береді.

Іссапар барысында қонақтарға Робототехника және

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев аға оқытушы, жас ғалым Айжамал Байсейітованы қабылдады.

Кездесуде ғалым өзінің айналысып жүрген ғылыми жобаларын таныстырып, нәтижелері туралы ақпарат берді. Айжамал Байсейітова химия және химиялық технология факультетінде дәріс береді, сондай-ақ ҚазҰУ базасындағы Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығында жұмыс істейді. Қазіргі таңда жас зерттеуші цикорий өсімдігінің қасиетін жан-жақты зерттеп, оның диабетке қарсы әсері бар екенін, қандағы қант деңгейін төмендететінін және зат алмасу процесін реттеуге оң ықпал ететінін анықтаған. Бұған қосымша, адам ағзасында стресс әсерінен пайда болатын

Ғылыми орталықтардың Қызметімен танысты



мехатроника бойынша компетенция орталығындағы германиялық KUKA өнеркәсіптік роботтары таныстырылды.

Сонымен қатар стартап-жобаларға технологиялық операцияларды роботтандыру тұжырымдамаларын зерделеу, көрсету және сынақтан өткізуге арналған бірегей алаң ұсынылған. Қазіргі таңда компетенция орталығы Astana Mo-

tors Manufacturing Kazakhstan және Hyundai Trans Kazakhstan сынды ірі өнеркәсіптік компаниялармен келісімшартқа отырған.

Сондай-ақ құрметті меймандар жаңадан ашылған Цифрлық технологиялар және робототехника халықаралық институты мен Робототехника орталығының қызметімен танысты.

Жас ғалым цикорий өсімдігінің қасиетін зерттейді



радикалдарға қарсы антиоксиданттық белсенділігі бар екенін де дәлелдеді.

Жүздесу барысында Айжамал Байсейітова ғылыми жоба-

сына патент алғанын айтып, болашақта биологиялық белсенді қоспа және емдік шай ретінде нарыққа шығаруды жоспарлап отырғанын жеткізді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев медицина және денсаулық сақтау факультетінің қызметімен танысып, оқытушы-ғалымдармен кездесті.

Ректор факультет ғимаратында жүргізілген жөндеу жұмыстарының нәтижелерімен танысып, жаңадан алынған заманауи медициналық оқу-зертханалық құрал-жабдықтарды көрді. Бұл құрылғылар студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамытуға және болашақ медицина мамандарын сапалы даярлауға мүмкіндік береді.

Ғимараттың жалпы ауданы – 5700 шаршы метр. Мұнда зертханалық және тәжірибелік бөлмелер, сондай-ақ оқу залдары орналасқан.

Медицина және денсаулық

Медицина факультетіне жаңа тапсырмалар берілді

сақтау факультеті 2015 жылы ресми түрде ашылған. Алғашында үш кафедра негізінде жұмысын бастаған факультет бүгінде 10 кафедраны біріктіріп, тұрақты даму үстінде. Қазіргі таңда факультетте 4000-ға жуық студент білім алады. Халықаралық журналдарда ғылыми мақалалар жариялау көрсеткіші бойынша медицина және денсаулық сақтау факультетінің оқытушылары алдыңғы қатарда.

Кейін Жансейіт Түймебаев факультеттің ардагер оқытушы-ғалымдарымен, білім алушы жастарымен кездесу өткізіп, алдағы жоспарымен бөлісті.

«Медицина және денсаулық сақтау факультетінің тарихы қысқа болғанымен, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді.



Бүгінгі жетістіктермен шектелмей, алдағы уақытта ауқымды жобаларды іске асыру қажет. ҚазҰУ қалашығы құрылысының II даму жоспары аясында университеттік емхана салынады.

Аумағы 27 мың шаршы метр болатын бұл ғимаратта студенттер білім алып, тәжірибе-

ден өтеді. Сонымен қатар факультет білім алушылары үшін 1000 орындық жаңа жатақхана пайдалануға беріледі», – деді ректор.

Сөз соңында оқу ордасының басшысы бірқатар факультеттің ардагер оқытушылары мен ғалымдарын алғыс хатпен марапаттады.

Факультет деканы Сүндетғали Қалмаханов баяндама жасап, факультеттің даму бағыттары, білім беру сапасын арттыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейту және клиникалық тәжірибені жетілдіру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат берді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



www.akorda.kz

Бюджет қаражатын тиімді пайдалануды тапсырды

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Түркістан» газетіне берген сұхбатының негізгі өзегі 2025 жылдың қорытындысы мен алдағы кезеңнің басым бағыттарына арналды. Бір айта кетерлігі – өте мазмұнды сұхбат болды. Президенттің айтуынша, өткен жылы экономика 6 пайыздан астам өсіп, ІЖӨ 300 миллиард долларға жеткен. Жан басына шаққандағы көрсеткіш 15 мың доллардан асқан.

Бұл нәтижелер еліміз үшін маңызды көрсеткіш ретінде бағаланды. Дегенмен Мемлекет басшысы шешімін күткен мәселелер аз емес екенін, әсіресе инфляцияның жоғары деңгейі халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған еңбектің тиімділігін төмендететінін атап өтті. Осыған байланысты Үкімет пен әкімдерге әлеуметтік-экономикалық тұғырды нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізу міндеті қойылды. Сұхбатта салық реформасына қатысты ұстаным да кеңінен қамтылды. Президент жаңа Салық кодексінде бақылаудан гөрі серіктестік қағидасына басымдық берілетінін атап өтті. Яғни мемлекет, бизнес және азаматтар өз міндетін адал орындаған жағдайда салық төлеу ауыртпалық ретінде емес, қоғамға қайтып келетін инфрақұрылым, қызмет сапасы, қауіпсіз орта және мүмкіндіктер арқылы түсінілетін тетікке айналуы тиіс. Бұл тұрғыда салық – қоғамдық келісімнің бір бөлігі екені қорытындыланды.

Экономикалық және қаржылық-фискалдық реформалардың халыққа кері әсерін азайту мақсатында бірқатар шаралар да сөз болды. Атап айтқанда қыс мезгілінде тарифтерді өсіру әкімшілік тәсілдер арқылы уақытша тоқтатылатыны, бюджет қаражатын барын-

ша тиімді жұмсау талабы күшейтілетініне тоқталды. Сонымен бірге экономикаға орынсыз қаржы құю инфляцияны ушықтыратыны ескертіліп, қатаң бюджеттік тәртіп қажеттігі атап өтілді. Осы бағытта Үкімет, Ұлттық банк және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі үшжылдық бағдарлама қабылдағаны көрсетілді.

Энергетика және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жөнінде де нақты деректер келтірілді: апат қаупі жоғары «қызыл аймақта» тұрған жылу электр станцияларының саны 19-дан 10-ға дейін азайғаны, тәуекелдің төмендегені айтылды.

Ауыл шаруашылығы тақырыбы сұхбаттағы маңызды бөлімнің бірі болды. Мемлекет басшысы бұл салаға қолдау көлемі жыл сайын артып келе жатқанын атап өтіп, шаруаларға 2024 жылы 580 млрд теңге, ал 2025 жылы 1 трлн теңге көлемінде жеңілдетілген несиелер берілгенін айтты. Соңғы он жылда мемлекеттік қолдау 10 есе артқанымен, оның тиімділігіне қатысты сұрақтар бар екені де назардан тыс қалмады. 2015-2024 жылдары ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі 2,5 еседен астам өскені, әсіресе егін шаруашылығында нәтижелер жоғары болғаны, астық пен ұн экспортының рекордтық деңгейге жетіп, экспорт географиясының кеңейгені атап өтілді.

Ендігі кезекте жұмысты мал шаруашылығы бағытында күшейту қажеттігіне тоқталды. Президент әлемдік үрдістерді негізге ала отырып, 2035 жылға қарай ет тұтыну көлемі өсетінін, соған сәйкес импорт та артатынын атап өтті. Осы тұрғыда Қазақстанның, әсіресе Азия елдеріне, ет экспорттайтын ірі мемлекетке айналу әлеуеті бар екені көрсетілді. Былтыр қарашада өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы дәл осы салаға арналуы да осы басымдықпен байланыстырылды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы инвестиция көлемі ғана емес, оның тиімді жұм-

салуы шешуші рөл атқаратынын да айтты.

Сұхбатта жасанды интеллект пен цифрландыру мәселесіне де арнайы тоқталып өтті. Президент Қазақстан цифрлық державаға айналуы тиіс екенін, бұл технология дәуірінде өркениетті ел ретінде дамудың негізгі шарты екеніне баса назар бөлді. Еліміздің мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, финтех және бірқатар секторларды жаңғырту бағытында бастапқы мүмкіндіктері жаман емес екені белгілі. Astana Hub сияқты инновациялық экосистемнің жұмыс істеп тұрғаны, IT-қызмет экспортының өсімі, цифрлық активтерге арналған SguroCity пилоттық аймағы және Alatau city жобасы сияқты бастамалар да осы бағыттағы жоспарлар қатарында. Мемлекеттік деректерді жинау және талдау жұмысының күшейгені, сондай-ақ деректердің жаңа дәуірдегі стратегиялық құндылығы әңгіме арқауына айналды.

Сұхбат соңында Мемлекет басшысы жастарға қатысты пікірін білдіріп, олардың күш-қуаты мол, азаматтық сана-сезімі жоғары екеніне баса мән берді. Сонымен бірге жастарға шынайы өмірге нақты көзқараспен қарап, еңбекті таңдауға, тәртіп пен жауапкершілікті өмірлік қағида етуге шақыратын ой да айтылды.

Қорытындылай келгенде, Президент сұхбаты реформалар мен жобалардың нәтижесі халықтың нақты сұранысына негізделуі керектігін айқың жеткізді. Мемлекет басшысының сөзінше, азаматтардың мұң-мұқтажын тыңдап, түйткілді мәселелерді ашық айту – дұрыс экономикалық саясаттың кепілі. Оған, әрине, еліміздің мүмкіндігі мол, алайда мақсатқа жету үшін, ең бастысы, жүйелі еңбек пен ортақ жауапкершілік қажет.

Ілияс ҚҰЛИЕВ,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасары

Терең ой мен сапалы ақпараттың тірегі

Ахмет Байтұрсынұлы «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп бекер айтпаған. Қоғамның тыныс-тіршілігін айқын көрсетіп, елдің ой-санасын қалыптастыруда мерзімді баспасөздің орны-жаманда ерекше. Осы ұстанымды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та қолдап, «Түркістан» газетіне берген сұхбатында газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұрғанын атап өтті.

Менің ойымша, Мемлекет басшысының бұл пікірі қазіргі ақпараттық кеңістіктегі маңызды мәселені дөп басып отыр. Газет-журналдар қоғамды тек жаңалықпен қамтамасыз ететін құрал ғана емес, ой қалыптастыратын, талдау жасауға үйрететін рухани мектеп іспетті. Президент атап өткендей, дәстүрлі баспасөзде көтерілетін тақырыптар үстірт емес, мән-мағынасы терең, ал бұл оқырманның сыни ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

«Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген

мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әлеуметтік желілер ақпаратты жылдам таратқанымен, онда эмоция мен әсерге құрылған, шынайы өмірден алшақ контенттің көп екені рас. Ал мерзімді баспасөз еңбек адамының болмысын, қоғамдағы нақты үдерістерді көрсетіп, ұлттық құндылықтарды сақтауға қызмет етеді. Сондықтан газет-журналдардың қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұруы заңды құбылыс. Оқу мәдениетін дамыту, сапалы ақпаратты тұтыну арқылы ғана зияткерлік ұлт қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда, Президенттің баспасөзге берген бағасы қоғам үшін маңызды бағдар деп есептеймін.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
Философия кафедрасының доценті міндетін атқарушы



Дамуға негізделген прагматикалық көзқарас

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Түркістан» газетіне берген сұхбаты Мемлекет басшысының ел дамуына қатысты ұстанымын айқын көрсететін бағдарламалық сипаттағы құжат деуге болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі кезеңдегі негізгі реформаларды популизмге емес, нақты есеп пен ұзақ мерзімді нәтижеге негіздеп жүргізу қажет екенін ашық айтты. Президенттің күрделі мәселелерді жасырмай, оларды қоғаммен тікелей талқылауға дайын екені аса маңызды.

Экономика, салық саясаты, инфляция, тарифтер және инфрақұрылым мәселелерінде Тоқаев «ауыр, бірақ қажетті шешімдерден» қашпау керектігін баса көрсетеді. Бұл қысқа мерзімді ұнамды әсерден гөрі, мемлекеттің тұрақты дамуын көздейтін прагматикалық көзқарас. Әлеуметтік әділдік ұғымы сұхбат бойы негізгі өзек ретінде көрінеді: мемлекет шын мәнінде мұқтаж азаматтарды қолдауы тиіс, ал жасырын субсидиялар мен теңсіздікке жол берілмеуі қажет. Ауыл шаруашылығы, туризм

және бизнес туралы ойларынан Президенттің қаржы бөлу ғана емес, жүйенің тиімділігін арттыруды басты мақсат етіп отырғаны аңғарылады. Кооперация, жауапты кәсіпкерлік, отаншыл ұлттық буржуазия қалыптастыру идеялары – осының дәлелі.

Жасанды интеллект, цифрландыру және атом энергетикасы жөніндегі тұжырымдар Қазақстанды шикізатқа тәуелді ел деңгейінен технологиялық мемлекетке көшіруге бағытталған стратегиялық ойлауды көрсетеді. Бұл бағыттар елдің болашағын айқындайтын ұзақ мерзімді басымдық ретінде ұсынылады. Бұл сұхбат Қазақстанның жаңа даму кезеңіндегі саяси-философиялық бағытын айқындауымен аса маңызды.

Нұртәліп ШӘРІПҚАЗЫ,
ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті, белгілі қазақстандық ғалым және қоғам қайраткері, академик Асқар Жұмаділдаев күрделі математикалық есептерді шешуде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ суперкомпьютерінің қуатын пайдалануда.

Ғалымның айтуынша, бұрын бірнеше апта, тіпті айлар бойы қолмен немесе жеке компьютер көмегімен есептелетін аса күрделі алгебралық есептерді ҚазҰУ-дың жоғары өнімді суперкомпьютері қысқа уақытта шешіп берген. «Тарихқа шолу жасасақ, мен Миттаг-Лефлер институтында жұмыс істеген уақытта компьютерге есептеу бағдарламаларын берсек, оның нәтижесін келесі күні

Күрделі есептерді шығаратын қуатты компьютер

ғана алатынбыз. Себебі күрделі есептерді шешу үшін қуатты компьютер қажет. Қазіргі таңда өзімде сегіз процессордан тұратын қуатты жеке компьютер бар, алгебралық есептерді соның көмегімен шығарып келдім. Алайда ҚазҰУ суперкомпьютері бұрын апта-лап есептелетін күрделі тапсырмаларды бар болғаны үш сағатта орындап берді. Сондықтан бұл орасан зор күш», – деді академик Асқар Жұмаділдаев.

Ғалымға ҚазҰУ Суперкомпьютер орталығының мамандары арнайы есептеуге арналған серверлерді бөліп



берген және ғылыми жобаларды жүзеге асыруға жан-жақты қолдау көрсетуде. Қазіргі таңда Асқар Серқұлұлы жоғары

технологиялық құрылғының көмегімен басқа да күрделі есептерді есептеу бағытында жұмыс істеуде.

Айта кетейік, ҚазҰУ-дың суперкомпьютері академиялық бағытта іске қосылған алғашқы жоғары өнімді есептеу кешені және мұндай деңгейдегі жүйе Орталық Азия өңірінде кездеспейді. Өнімділігі – 2000 терафлопс. Әлемдегі үздік 600 суперкомпьютердің бірі. Архитектурасы Intel және NVIDIA компанияларының процессорларынан құралған, қуаты ең заманауи дербес компьютерден 10 мың есе артық. Бұл жүйе күрделі математикалық модельдер мен көпөлшемді есептеулерді жоғары дәлдікпен орындауға, ауа райын болжауға, сондай-ақ жасанды интеллект пен деректерді терең талдау бағытындағы ғылыми және қолданбалы жобаларды тиімді жүзеге асыруға кең мүмкіндік береді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТ ЖӘНЕ ЖАҒАҢДЫҚ КЕҢІСТІККЕ ИНТЕГРАЦИЯ

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті үшін жылан жылы ғылыми-зерттеу бағытындағы айрықша табыстарымен есте қалмақ. Университеттің әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу стратегиясына сәйкес, факультет оқытушылары мен ғалымдары жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Атап айтқанда жыл басынан бері халықаралық Scopus дерекқорында барлығы 19 ғылыми мақала жарияланды. Бұл көрсеткіштің сапалық деңгейіне тоқталсақ, жеті мақала әлемдік ғылыми қоғамдастықта мойындалған ең жоғары Q1 (First Quartile) санатындағы журналдарда жарық көрді. Бұл факультет ғалымдарының зерттеу жұмыстарының халықаралық бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді.

Факультет аясында алғаш рет GLOBAL SYNERGY атты жаңа ғылыми журналдың жарық көруі отандық ғылыми орта үшін елеулі оқиға болды. Бұл басылым жас зерттеушілер мен тәжірибелі ғалымдардың пікір алмасу алаңына айналды. Ғылымды қолданбалы саламен ұштастыру мақсатында биыл сегіз стартап жоба сәтті жүзеге асырылып, өндіріске немесе оқу үдерісіне енгізілді. Ғылыми қоржынды толтыру мақсатында факультет ұжымы тарапынан тағы жеті ғұттық жоба өзірленіп, конкурстық іріктеуге жолданды.

ЖАСТАР САЯСАТЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Факультет басшылығы мен университет әкімшілігінің басты назарында жас мамандарға жағдай жасау мәселесі тұр. Осы бағыттағы жемісті жұмыстың айқын дәлелі ретінде факультетіміздің жас ғалымы Нұргүл Амангелдінің жетістігін мақтанышпен айта аламыз. Ол «Жас ғалым» ғылыми жобасын ұтып қана қоймай, ерен еңбегі үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен баспанаға (пәтер) ие болды. Мұндай қолдау факультеттегі өзге де жас мамандарға үлкен серпін беріп, ғылымға деген құлшынысын арттырды. Сондай-ақ биыл алғаш рет факультет имиджін халықаралық деңгейде насихаттайтын белсенділерге «Амбассадор» мәртебесі берілді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ

Биыл факультеттің материалдық-техникалық базасы түбегейлі жаңартылды. Бұл жұмыстар білім алушылар мен оқытушыларға қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған:

Дамудың жаңа бағыты айқындалды



1. Технологиялық жабдықталу. Аудиториялар соңғы үлгідегі компьютерлермен жабдықталып, оқу залдарын цифрландыру деңгейі артты. Музыкалық аппаратуралар мен оқуға қажетті кейбір техникалық құралдар толығымен жаңартылды.

2. Оқу кабинеттері мен орталықтар. Тіл оқыту бағытындағы көшбасшылықты сақтау үшін Language park ребрендингтен өтіп, заманауи дизайнғағы логотипке ауыстырылды.

3. Сыртқы бейне және дизайн. Факультет өзіндік корпоративтік стилін қалыптастырды. Стендтер мен ақпараттық тақталар эстетикалық және функционалдық тұрғыдан жаңартылды. Оқу корпусы мен жатақханадағы мебельдер, үстел-жабдықтар толықтай жаңа үлгідегі жиһаздармен алмасырылды.

СТУДЕНТТІК ӨМІР ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ЖЕТІСТІКТЕР

Студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы да назардан тыс қалмады. Жатақхананың 3-қабаты толықтай жиһазбен қамтамасыз етіліп, білім алушылар үшін жаңа үлгідегі заманауи асхана ашылды. Бұл студенттердің бос уақытын тиімді әрі жайлы өткізуіне мүмкіндік береді.

Спорт саласында да факультет ұжымы белсенділік танытты. Университеттің қысқы спартакиадасында факультет құрамасы тартысты бәсекеде 6-орынды иеленіп, салауатты өмір салтын ұстанатындықтарын дәлелдеді. Сонымен қатар халықаралық аренада факультет беделін асқақтатқан «Халықаралық әл-Фараби 2025» олимпиадасы жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтті.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің 40

жылдық мерейтойына арналған Ашық есік күнін жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастырып, іс-шара шеңберінде ардагер ұстаздармен кездесу өткізіліп, білім беру саласындағы дәстүр сабақтастығы насихатталды. Іс-шараға университет әкімшілігі мен ардагер ұстаздар, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Алматы филиалының төрағасы және бірқатар танымал тұлғалар қатысты.

Осы мерейтой аясындағы салтанатты іс-шарада:

- жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің 40 жылдығына арналған мерейтойлық жинақтың;
- Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының 40 жылдық тарихына арналған жинақтың;
- Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының гуманитарлық және жаратылыстану бағыттары бойынша ҰБТ-ға дайындыққа арналған ұжымдық жинақтың тұсаукесер рәсімдері табысты өткізілді.

Сонымен қатар биыл Жаңа жыл мерекесі қарсаңында факультет ұжымы университетіміздің бастамаларын қолдай отырып, Алматы қаласындағы балалар үйінде өскелең ұрпақтың өсіп-өркендеуіне үлес қосу үшін арнайы қайырымдылық шарасын өткізді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жыл қорытындысы бойынша факультет ұжымының бірқатар мүшелері елеулі еңбектері үшін мемлекеттік марапаттар, арнайы медальдар және алғыс хаттармен марапатталды. 2025 жылғы жетістіктер – бұл Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің жаңа дәуірдегі даму бағытын айқындайтын маңызды белес. Білім мен ғылымды ұштастырған ұжым алдағы уақытта да биік асуларды бағындыруды көздейді.

Қанат КЕЛДЕБЕКОВ,
ҒЫЛЫМИ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ декан орынбасары



Ұстаз – мәртебелі мамандық. «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» деген сөз де бар. Білім беру саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі және жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде үлкен жетістікке жеткен, «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісі мен университеттің 75 жылдығына арналған медальмен марапатталған ардагер ұстаздарымыздың бірі – ҚазҰУ колледжінде 17 жылдан аса ағылшын тілінен дәріс беріп келе жатқан Майра Кенебаевамен әңгімелескен едік.

Ұстаз — рухани сәулеткер



– Майра Аханбайқызы, ұстаздық жолға қалай келдіңіз? Жүрек қалауымен бе, әлде кездейсоқ па?

– Анығын айтқанда, бала кезімде модель болуды армандаған едім, алайда оған мамандық ретінде қарай алмадым. Өсе келе, өзіме дәріс берген орыс және ағылшын тілі мұғаліміне өліктеп, ұстаздықты таңдадым. Оқытушылардың өзін-өзі ұстауы, шәкіртімен қарым-қатынасы ерекше ұнайтын. Жалпы, менің ұстаздық еңбек өтілім – 45 жыл. Алғаш еңбек жолымды қазақтың кәсіби музыкасының негізін салушы, композитор, академик Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған музыка мектебінде аға тәлімгер, ұстаз болып бастадым. Кейіннен интернат меңгерушісі, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары қызметін атқардым. 2006 жылдан бері ҚазҰУ колледжінде ағылшын тілі пәнінен дәріс беріп келемін.

– Құндылықтар өзгеріп жатқан заманда, сіздіңше, ұстаз деген кім және қандай болуы керек?

– Үйдің іргетасының мықты, әдемі болуы сәулеткердің қолында болса, баланың келешегі – ұстаздың қолында, сондықтан мен ұстазды рухани сәулеткер дер едім. Әлеуметтік жағдайды дамыған елдің тағдыры білімді, тәрбиелі жастардың қолында, ал бұл жағдайда барлық жауапкершілік ұстаз мойнына түседі. Демек, Жер шарындағы халықтың әл-ауқаты мен тұрмысының қаншалықты дәрежеде дамуы ұстаздардың тізгінінде деп санаймын. Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау. Өзін ұстаздыққа арнаған адам өмірінің соңына дейін құрмет-қошеметке ие болмақ. Нағыз ұстаз бөтеннің баласын сүйе біледі, оның келешегі мен бақыты үшін оған жанашырлықпен қарайды. «Тәрбиесіз

берген білім – адамзаттың қас жауы» деп Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, кез келген ұстаз тәрбие мен білімді бөлмей, қатар ұстауы тиіс. Ал жалқаулық, өркекіректік, қаталдық мұғалімге жат, өз мамандығын сүйгендіктен емес, тек өмір сүру қажеттілігін қанағаттандыру үшін жасаған таңдау.

– Бұрынғы оқушылар мен қазіргілердің айырмашылығы бар ма?

– Бұрынғы мен қазіргі балалардың физиологиясында ешқандай өзгеріс жоқ. Қазір тұрмыспен сана өзгерген. Қазіргі балалар өте еркін, жан-жақты, ақпаратты өте жылдам қабылдайды. Ішкі еркіндігі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, өздігінен іздену мен пікірталас мәдениеті дамыған, жаңалыққа жаны құмар, іскер, ұлттық және қоғамдық құндылықты сыйлап, қадірлейтін, тәуелсіздік үшін кез келген кертартпа күштерге төтеп бере алатын тәуелсіз азаматтар.

– Жастардың мамандықты қалай таңдағаны жөн?

– Қабілеті мен бейіміне сай таңдағаны абзал. Мысалы, суретші, ақын, музыкант болу – қанмен келетін өнер, адам өздігінен сурет салып, ақын болып кете алмайды. Ал мұғалім, дәрігер мамандықтарын игеру үшін отбасында осы мамандық иелері болса, баласына мамандық таңдауда қателеспеуіне септігін тигізер еді. Олай дейтінім, осы аталған мамандықтарды ЖОО-да төрт жыл оқытады, ал адамгершілік қасиеті ана сүтімен беріледі. Оған қоса, отбасындағы мамандық иелерінен тәжірибе алмасып үйренері де көп болар еді деп ойлаймын.

– Ардагер, ұлағатты ұстаз ретінде жас мұғалімдерге не айтар едіңіз?

– Әр істі жүректің қалауымен жасаған абзал, себебі әр жұмыстың өзіне тән қиындығы болады. Ешқашан мойымай, қалаған мамандығыңның жемісін көру үшін уақытпен санаспай еңбек еткен жөн. Өйткені сіздердің алдарыңызда өміріміздің аса бағалы иелері, еліміздің ертеңі, жас өркендеріміз отыр. Сондықтан оларды жаңа заманға сай білім нәрімен сусындатып қана қоймай, жүрегіңмен сүйе біл әрі қазақи болымысымызбен тәрбиелеуге атсалысыңдар дегім келеді.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Гүлжан ИДРИСОВА,
ҚазҰУ колледжі директорының
оқу-тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары

Жеңімпаз жас инженерлер

Алматыда жас инженерлер бас қосып, Satbayev University-де механика және машинатану бойынша VI халықаралық студенттік олимпиада (SIOMMS-2025) өтті. Бұл маңызды ғылыми-білім беру шарасы кинематика, динамика, механизмдерді жобалау және робототехника салаларындағы мәселелерді шешумен айналысатын техникалық мамандық студенттерін жинады. Олимпиада екі жылда бір рет өткізіледі және бұған дейін Ижевск (Ресей), Шанхай (Қытай), Мадрид (Испания) қалаларында және Папа ғылым академиясында ұйымдастырылған болатын.



Олимпиаданың салтанатты ашылуы машинатану мен робототехника саласындағы жетекші мамандардың қатысуымен өтті. Олардың қатарында техникалық ғылымдар докторы, профессор, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының вице-президенті А.Төлешов, техникалық ғылымдар кандидаты, Ижевск мемлекеттік техникалық университетінің доценті Э.Крылов, сондай-ақ Satbayev University проректоры С.Шалабаев және тағы басқа қонақтар болды. Спикерлер инженерлік білім беру саласындағы халықаралық жарыстардың маңызын атап өтіп, мұндай олимпиадалар студенттерге тәжірибе алмасуға, білім деңгейлерін көрсетуге және осы саланың қазіргі тенденцияларымен танысуға мүмкіндік беретінін айтып өтті.

Қатысушыларға механизмдерді талдау мен синтездеуге арналған теориялық және практикалық сипаттағы сегіз тапсырма ұсынылды. Оларды орындауға төрт сағат берілді. Әр студент тапсырмаларды жеке орындады. Командалық нәтиже жеке қатысушылар ұпайларының жиынтығымен есептелді.

Олимпиадаға Қытай, Испания, Румыния, Ресей, Қырғызстан және Қазақстан командалары қатысты. Қазақстан атынан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Satbayev University, М.Әуезов атындағы ОҚУ және Ө.Жолдасбеков атындағы Механика және машинатану инсти-

туты қатысты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, SIOMMS-2025 соңғы жылдардағы ең кең ауқымды олимпиадалардың бірі болды.

Додада Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің командасы

Механика кафедрасының оқытушылары Б.Еспаев, Е.Савельев және Е.Темірбеков дайындады. Қатысушылар олардың кәсіби қолдауы мен жетекшілігінің үлкен рөл атқарғанын атап өтті.

Байқаудан бөлек, қатысушыларға Satbayev University зертханаларына экскурсия ұйымдастырылып, студенттер заманауи жабдықтар мен ғылыми жобалармен танысты. Жарыс қорытындыланғаннан кейін қонақтар Шымбұлақ тау кешеніне барып, Қазақстанның әсем табиғаты мен мәдениетімен жақынырақ танысу мүмкіндігіне ие болды.

Ұйымдастыру комитеті келесі олимпиада Қытайда, Шаньдун университетінің Вэйхай филиалында өтетінін хабарлады. Жақын уақытта іс-шараның ресми сайты іске қосылып, онда бағдарлама, қатысу шарттары және тіркеу туралы ақпарат жарияланатын болады.

SIOMMS-2025 халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және инженерлік білім беру деңгейін арттыруға бағытталған маңызды алаң болып қала береді. Қазақстандық студенттердің қатысуы ел инженериясының болашағы үшін үлкен әлеует бар екенін айқын көрсетті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне команданы материалдық жағынан қолдап, олимпиаданың ұйымдастырушылық жарнасын толық қаржыландырғаны үшін ерекше алғыс білдіреміз.



жүлделі 3-орынға ие болды. Команда құрамында «Механика» және «Робототехникалық жүйелер» мамандықтарының студенттері Елжас Есен, Нұрай Жақай және Дияр Бақтыбаев бақ сынады.

Механика және машинатану институты (ИММаш) атынан Амандық Ботай, Рамазан Налибек және Олег Кириллов қатысты.

Студенттерді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ механика-математика факультеті

